

Жеке тұлғалардың банкроттығы

I бөлім. Соттан тыс банкроттық рәсімі

ЕДБ, МКҰ және коллекторлар алдындағы қарыздарға қолданылады

Рәсімді өткізу шарттары:

1. Борыш сомасы 1600 АЕК-тен аспайды;
2. Қарыз 12 ай және одан көп уақыт ішінде өтелмеген*;
3. Меншікті мүлік (ортақ меншіктегі мүлікті қоса алғанда) жоқ;
4. Қарыз шарты бойынша мерзімі өткен борышты реттеу рәсімі жүргізілді.

[Қарызды қайта құрылымдауға өтініш](#) беру қажет.

**12 айға дейін, егер борышкер өтініш берген кезде алты ай ішінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы болып табылса.*

Егер өтініш берілген күнге міндеттемелерді орындамау мерзімі бес жылдан астам болса, борышкер өтініш беруге құқылы.

Қарыз бойынша мерзімі өткен борышты реттеуден бас тарту осы нысан түрінде беріледі: [Реттеуден бас тарту нысаны](#)

Сот арқылы банкроттықты немесе төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі

Борыштардың барлық түрлеріне қолданылады

Рәсімді өткізу шарттары:

1. Борыштың барлық түрлері бойынша 1600 АЕК-тен астам борыш сомасы;
2. Қарыздар бойынша 12 ай ішінде өтеу жоқ;
3. Қарыз шарты бойынша мерзімі өткен борышты реттеу рәсімі жүргізілді.

[Қарызды қайта құрылымдауға өтініш](#) беру қажет.

Қарыз бойынша мерзімі өткен борышты реттеуден бас тарту осы нысан түрінде беріледі: [Реттеуден бас тарту нысаны](#)

**46-бапқа сәйкес «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 178-VII ҚРЗ Заңы
«Сот арқылы банкроттықты және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімдері қолданылғаннан кейін тоқтатылуға жатпайтын банкроттың міндеттемелері оларды алуға құқығы бар адамдарға алимент төлеу, адамның өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу, сондай-ақ қылмыстық*

құқық бұзушылықтар бойынша залалды өтеу, сонымен қатар сот шешімі бойынша өндіріп алынатын бюджетке төленетін төлемдер бойынша борыштар болып табылады.»

II бөлім. Банкроттық рәсімі

Freedom валютасын іске қосқан клиенттерге қатысты қолданылады

Қолма-қол ақшасыз төлемдерді жасау кезінде сізге кэшбек есептеледі, ол автоматты түрде Freedom валютасына - Freedom Holding Corp. холдингтің акцияларына байланған бағалы қағаздың ақшалай баламасына айырбасталады (NASDAQ: FRHC).

Өнім туралы толығырақ ақпарат - [Freedom Bank](#) сайтында.

Банкроттыққа өтінішті берер алдында Freedom SuperApp мобилді қолданбасы арқылы Freedom валютасын жабу қажет. Қалдық бар болған кезде оны Банктегі өз шотыңызға, басқа банктегі шотыңызға немесе төлем жасау үшін пайдалану қажет.

Назар аударыңыз: Freedom валютасын жабу тыйымдар және басқа шектеулер бар болған кезде мүмкін емес болады. Жабу функциясы тек олар алынғаннан кейін ғана қолжетімді болады.

SuperApp-та Freedom валютасын жабу нұсқаулығы:

1. Freedom SuperApp қолданбасын ашыңыз.
2. «Freedom валютасы» бөліміне өтіңіз (карта арқылы немесе оң жақтағы жоғарғы бұрыштағы таңбашаны басыңыз).
3. «Freedom валютасын жабу» опциясын таңдаңыз.
4. Егер қалдық нөлге тең болса, шотты жабу үшін «Растауды» басыңыз.
5. Егер қалдық бар болса, оны шығару қажеттілігі туралы хабарлама көрінетін болады.
6. Қаражаттарды қолжетімді әдістердің бірі арқылы шығарыңыз.
7. «Freedom валютасын жабу» бөліміне қайтадан өтіңіз де «Растауды» басыңыз.
8. Шот жабылғаннан кейін Сіз операцияның сәтті болғаны жайлы push-хабарламаны алатын боласыз.